

ФТАР 16.21.33

Ғылыми мақала

Надырбаева Құтбү Озубековна*Орталық азиялық халықаралық медициналық университеті,
Жалал-Абад қ., Қырғызстан***Т. Қасымбековтың «Сынған қылыш» романындағы
ұлттық колоритті бейнелейтін лексикалық коннотациялар**

Аңдатпа. Бұл мақалада Төлөгөн Қасымбековтың «Сынған қылыш» романындағы лексикалық коннотациялар арқылы ұлттық колоритті беру ерекшеліктері жан-жақты зерттеледі. Лексикалық коннотация – сөздің негізгі (денотациялық) мағынасына қоса, оған қосымша эмоциялық, мәдени, әлеуметтік немесе тарихи реңк үстейтін тілдік құбылыс. Зерттеудің мақсаты – романда кездесетін символдық және мәдени жүкке ие тілдік бірліктер арқылы кейіпкерлердің ішкі дүниесін, халықтың тарихи санасын, рухани құндылықтарын және әлеуметтік нормаларын ашып көрсету.

Мақалада лексикалық коннотациялар жеті негізгі бағыт бойынша топтастырылды: тарихпен мифология, көшпелі өмір салты, табиғи және өңірлік атаулар (топонимдер), салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар, әлеуметтік құндылықтар, отансүйгіштік, туыстық қатынастар. Әрбір бағыт бойынша романдағы мысалдар терең талданып, олардың эмоциялық, әлеуметтік және мәдени мәндері түсіндірілді. «Ат жалынан біткерелік», «жұрт деп күйіктік», «бекайбат қағаз», «ырым болсын», «сыр сандық» сияқты фразеологизмдер мен тұрақты тіркестер қырғыз халқының ұлттық дүниетанымын, әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесін және рухани құндылықтарын көркем түрде жеткізудің тәсілдері ретінде қарастырылды.

Зерттеудің ғылыми маңызы – қырғыз тілінің көркемдік және бейнелеу мүмкіндіктерін лингвистикалық әдістер арқылы ашып көрсету, коннотацияның ұлттық мәдениетті танытудағы қызметін дәлелдеу. Мақаланың практикалық маңызы – қырғыз халқының ұлттық бірегейлігін нығайтуға, тілдік мұрасын сақтауға және болашақ ұрпаққа жеткізуге үлес қосу. Сонымен қатар, зерттеу қырғыз тілін үйретуде, әдеби шығармаларды түсіндіруде, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеуде маңызды дереккөз бола алады. Роман қырғыз халқының рухани әлемін, тарихи жадысын және мәдени ерекшеліктерін бейнелеген көркем әрі лингвомәдени құндылық ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: лексикалық коннотация, ұлттық реңк, салт-дәстүр, рухани әлем, мәдени мұра, болмыс, лингвомәдени дереккөз

DOI: <https://doi.org/10.71078/ezw0b177>

Түсті: 9.08.2025; Мақұлданды: 29.06.2025; Онлайн қолжетімді: 3.10.2025.

Кіріспе

Төлөгөн Қасымбековтың «Сынған қылыш» («Сынған қылыш») романы – қырғыз халқының ұлттық колоритке бай рухани мұрасын, мәдениетін терең бейнелеген, әлеуметтік және тарихи тағдырын, өмірлік философиясын кейіпкерлердің сөйлеу стилі арқылы көркем суреттеген құнды шығарма.

Автор бұл романда қырғыз тілінің көркем сөз өнерін терең эмоциялық мазмұнмен коннотацияланған лексикалар арқылы ашады. Мысалы, «ат жалына жабышуу» (ат жалынан жабысу) (Қасымбек, 1998) тіркесі тура мағынасында ат үстінде болуды білдірсе,

қосымша (коннотациялық) мағынада қырғыздар үшін ат – өмірдің ажырамас бір бөлшегі, оның символикалық мәні ретінде түсіндіріледі. Ата-бабаларымыз үшін ат тек көлік немесе тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын жануар емес, ол – күш-қуаттың, еркіндіктің символы.

Ал «кылычка өбөктөө», «кылыч менен ойгонуу» (қылышқа сүйену, қылышпен ояну) (Қасымбек, 1998) сияқты сөз тіркестері қырғыздардың күшке сенген көшпенді өмір салтында ар-намыс үшін күресуді бейнелейді. Бұл сөздер шығарманы шынайы әрі әсерлі етіп, оқырманды ұлттық құндылықтарға жақындата түседі.

Зерттеудің өзектілігі:

Т. Қасымбековтың романы – ұлттық сананы нығайтатын мәдени мұра ретінде бүгінгі күні де өз өзектілігін жойған жоқ. Қырғыз халқының өткенімен эстетикалық деңгейде қайта қауышуға мүмкіндік беріп, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда айрықша маңызға ие. Демек, бұл роман тілді көркемдік тұрғыдан зерделеуде, атап айтқанда, лексикалық коннотациялар арқылы тілдің бейнелік қуатын ашуда үлгі бола алады. Зерттелген материалдар ұлттық құндылықтарды сақтауда және қырғыз тілінің байлығын келешек ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің мақсаты:

Т. Қасымбековтың «Сынған қылыш» («Сынған қылыш») романындағы ұлттық колоритті бейнелейтін сөздер мен фразалардың коннотациялық мағыналарын зерттеу. Аталған тілдік бірліктердің мәдени, әлеуметтік және тарихи контекстегі орнын анықтау. Зерттеу арқылы тілдік құралдардың ұлттың бірегейлігін, халықтық құндылықтарды, кейіпкерлердің мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлін айқындау.

Зерттеудің міндеттері:

Қырғыз халқының өмір салтындағы рухани құндылықтарға қатысты лексикалық коннотацияларды жинақтап, оларды ұлттық ерекшеліктерге, салт-дәстүрге, менталитетке, тарихқа, жер-су атауларына, Отанға қызмет етуге, туыстық қарым-қатынасқа байланысты тіркестер ретінде жіктеп, топтастыру.

Коннотацияланған лексиканың ұлттық құндылықтарды, тарихи оқиғаларды, қырғыз халқының мәдени және рухани мұрасын, дүниетанымын бейнелеудегі маңызын анықтау. Аталған сөз тіркестері арқылы қырғыз тілінің көркемдік мүмкіндігін және ұлттық бірегейлікті сақтаудағы үлесін түсіндіру.

Зерттеу әдістемесі

1. Лексикалық талдау: Романда қолданылған лексикалық коннотациялардың тікелей және қосымша мағыналарын анықтау. Сөздер мен тіркестердің морфологиялық және семантикалық ерекшеліктерін талдау, ұлттық колоритті жеткізу жолдарын түсіндіру.

2. Мәтін контексіндегі коннотацияларды анықтау: Сөздер мен тіркестердің контекстік мағыналарын зерттеу арқылы кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін, әлеуметтік мәртебесін ашып көрсету. Сөздердің қандай эмоциялық және символдық мағынаға ие екенін мысалдар арқылы дәлелдеу.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Коннотацияланған лексика – сөздердің негізгі (денотациялық) мағынасына қосымша, эмоциялық, әлеуметтік және мәдени реңктерді қамтитын лексикалық бірліктер.

В.Н. Телия эмоциялық коннотацияны «жан дүниенің күйі» деп сипаттап, сөздердің эмоциялық және бейнелі реңкпен қатар жүретінін атап көрсетеді (Телия, 1996).

Ал Н.А. Кобрин тілдік бірліктердің әлеуметтік және эмоциялық құндылықтарды бейнелеу ерекшеліктеріне баса назар аударады (Кобрин, 2000).

Коннотацияланған сөздер мәтінді байытып, кейіпкерлердің батылдығын, табандылығын сипаттауда маңызды рөл атқарады.

Мысалы: «... *Аттан түшпөң, ырым болсун, датка. Маслахат үчүн келген болсоңуз, ат жалынан бүткөрөлү, датка*» («... Аттан түспөңүз, ырым болсын, датка. Маслахат үшүн келген болсаңыз, ат жалында шешейик, датка») (Касымбек, 1998). Бұл мысалда көшпелі өмір салты ғана емес, кыргыз халқының әрдайым қиындыққа дайын тұратыны, шешімді дер кезінде қабылдай алатын ширақ мінезі Алымбек датқа мен Курманжан датқаның диалогындағы «*ат жалынан бүткөрөлү*», «*аттан түшпөң*» (ат жалында шешейик, аттан түспөңүз) деген тіркестерден көрінеді. Бұл фразада аса күшті символизм бар – ол адамды үнемі сергек, жігерлі болуға, өмірдің ауыр сәттерінде де сабырлы әрі батыл болуға үндейді. Ал «*ырым болсун*» (ырым болсын) деген тіркестен кыргыз халқы үлкен істі бастар алдында белгілі бір наным-сенімдерді ұстанып, сол бойынша әрекет еткен салт-дәстүрлері терең халық екенін байқаймыз.

Лексикалық коннотацияның негізгі компоненттерін лингвистердің пікіріне сүйене отырып төмендегідей жіктеуге болады:

Әлеуметтік және тарихи коннотациялар

Бұл компоненттер халықтың қоғамдық құрылымын және тарихи тәжірибесін бейнелейді. Мысалы: «*Бұхара өкүмдары менен бир тууганчылык убадасын бекемдеп...*» (Бұхара әмірімен бауырластық уәдесін нығайтып...) (Касымбек, 1998). Мұндағы «*Бир тууганчылык убадасы*» (бауырластық уәдесі) – жай ғана келісім емес, өзара сенімділік, жақындық және құрметті қамтитын қоғамдық байланыстың маңызды түрі.

Аталған тіркес әлеуметтік мағынада Курманжан датқаның халықаралық дипломатиялық қатынастарды реттей білген саяси тұлға екенін көрсетеді. Демек, бұл лексикалық коннотация кыргыз қоғамында да, Бұхара әмірлігі секілді өзге елдер арасындағы қатынастарда да әлеуметтік мәртебе мен одақтастықты ерекше айқындайтын мағынаға ие тілдік бірлік болып табылады.

Экспрессивтілік және интенсивтілік

Бұл компоненттер мәтіннің эмоциялық әсерін күшейтеді. «Сөздердүн эмоционалдык таасири окурмандардын сезимдерин ойготуп, чыгарманын атмосферасын күчөтөт» (Сөздердің эмоциялық ықпалы оқырманның сезімін оятып, шығарманың атмосферасын күшейтеді) (Маразыков, 2020). Мысалы: «*О, тағдырым, бышкан алма болуп араң отурганда...*» (О, тағдырым, піскен алма болып әрең отырғанымда...) (Касымбек, 1998). Мұнда қайғының жас талғамай, күтпеген сәтте келетінін Теңірбердинің «*бышкан алма болуп араң отурганда*» (піскен алма болып әрең отырғанымда) деген лексикалық бірлігі арқылы сезінуге болады.

Н.А. Кобринa экспрессивтілікті эмоциялық реңктің маңызды бөлшегі ретінде қарастырады (Кобринa, 2000). Мысалы: «*Апа... Апа... - деп бышактады. Ошол замат күчтүү колдор экөөбүн эки жакка катуу силкип ажыратты*» (Апа... Апа... – деп сыңсыды. Сол сәтте күшті қолдар екеуін екі жаққа қатты серпіп ажыратты) (Касымбек, 1998). Бұл мысалдан ешкімді аямай, тек бұйрықты орындайтын қатігез жасауылдардың ана мен баланы аяусыз «*күчтүү колдору*», «*катуу силккен*» (күшті қолдарымен, қатты серпіп) ажыратуы арқылы автор оқырманға эмоциялық әсер береді.

«Қандай да бір халықтың құндылықтары мен түсініктерін бейнелейтін сөз бірліктері де болады. Ондай бірліктер тек күштілікті ғана емес, сонымен қатар еркіндік пен жеңісті де білдіреді», – дейді Кобринa (2000). Мысалы: «*Бекназар кара кашка арғымакты акырын теминди, буудан элире баш көтөрүп, алчактап биринчи болуп топтон суурулду*» («Бекназар қара қасқа арғымақты ақырын тебінді, буадан еліріп басын көтеріп, кең сермеп бірінші болып топтан суырылып шықты») (Касымбек, 1998). Бұл жерде қара қасқа – жай ғана жүйрік ат емес, еркіндіктің, жеңістің символы ретінде көрініс табады. Мұны «*арғымак*», «*буудан*», «*топтон суурулуу*» (арғымақ, буадан, топтан суырылу) сияқты коннотацияланған лексика арқылы түсінуге болады.

Лексикалық коннотация – сөздердің тікелей мағынасын кеңейтіп, оларға эмоциялық,

мәдени және әлеуметтік реңк беретін тілдік құрал. Телияның концепциясына сәйкес, коннотация әрқашан эмоциялық және ассоциативтік сипатқа ие (Касымбек, 1998).

Ал Шаховский бұл үдерісті менталдық бейнелеу деп сипаттап, коннотацияланған лексиканың ұлттық бірегейлікті және мәдени ерекшеліктерді жеткізудегі маңызы зор екенін атап көрсетеді (Шаховский, 2010).

Мәдени коннотациялар

Романнан қырғыз халқының көшпелі өмірі, салт-дәстүрі, әлеуметтік ғұрыптары және ұлттық бірегейлігі бірқатар лексикалық бірліктер арқылы көрініс табады.

Мысалы: «Эки күндөн кийин, үч ирет таң ашырабыз да, бирткелеп тер алдырып, кайрадан таң ашырып коёбуз...» («Екі күннен кейін, үш рет таң асырамыз да, біртіндеп тер алдыртып, қайтадан таң асырып қоямыз...») (Касымбек, 1998). Мұндағы «Бирткелеп тер алдыруу» (біртіндеп тер алдырту) тіркесі іске мұқият қарауды, әр қадамды ойланып істеуді бейнелей отырып, шыдамдылық пен қырғыздардың атқа деген құрметін білдіреді. Ал «таң ашыруу» (таң асыру) сөз бірлігі жүйрік аттарды бәйгеге баптаумен қатар, адамдардың да маңызды іске психологиялық және физикалық тұрғыдан дайын екенін көрсетеді.

Тағы бір мысал: «Кары адамдын таптаза, аппак сакалы, акылдуу, жылуу үрөйү Нүзүптү токтотту. Уу чачып турган көздөрү жумшара түштү» («Қарт адамның тап-таза, аппақ сакалы, ақылды, жылы жүзі Нүзүпті тоқтатты. Уу шашып тұрған көздері жұмсара түсті») (Касымбек, 1998). Мұндағы «таптаза, аппак сакал» (тап-таза, аппақ сақал) тіркесі – кәрілік пен даналықтың, тәжірибенің символы, ал «жылуу үрөй» (жылы жүз) сөз тіркесі – адам мейірімділігі мен сабырлылығын көз алдымызға елестетеді. «Уу чачып турган көздер» (у шашып тұрған көздер) Нүзүптің алғашқы ашулы, теріс эмоциялық күйін бейнелейді, ал «жумшара түштү» (жұмсара түсті) тіркесі оның сабасына түсіп, тынышталғанын білдіреді.

Бұл үзіндіде қырғыз халқының үлкенді құрметтеу, олардың даналығынан үлгі алу дәстүрі көрініс табады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қырғыз халқының рухани құндылықтарына қатысты лексикалық коннотацияларды романдағы мысалдар бойынша төмендегідей топтастыруға болады:

1. Тарих пен мифологияға қатысты коннотациялар

Бұл категорияға жататын сөз тіркестері халықтың тарихи санасын, өткендегі ерліктерін, рулық қарым-қатынастарын бейнелейді.

Мысалы: «Сен ошол Алтынбешиктин тукумусуң» («Сен сол Алтынбешіктің тұқымынансың») (Касымбек, 1998). Мұндағы «Алтынбешиктин тукуму» (Алтынбешіктің тұқымы) тіркесінің коннотациялық мағынасы – қырғыз халқының тарихы хан ұрпағымен сабақтасып жататынын, билік туралы түсінікте қырғыздардың тәуелсіздікке ұмтылатынын, өз тағдырын өзі шешуге құқылы екенін білдіреді.

«Жыйын дем тартпай, тымтырс болуп, Абил бийдин колундагы бекайбат кагазды тиктеп калды» («Жиын дем алмай, тым-тырыс болып, Абыл бидің қолындағы бекем қағазға қадала қарады») (Касымбек, 1998). «Бекайбат кагаз» (бекем қағаз) сөз тіркесі – қырғыз тарихында дипломатиялық келісімдердің жоғары бағаланғанын көрсететін лексикалық бірлік.

«Бул акылды сыр сандыкка катып жүрөт элем...» («Бұл ақылды сыр сандыққа жасырып жүр едім...») (Касымбек, 1998). Бұл мысалдағы «сыр сандык» (сыр сандық) коннотацияланған сөз тіркесі арқылы қиын-қыстау кезеңдерде ақылын айтатын ақсақалдардың қоғамда әрдайым болуы керектігі, олардың даналығы жас ұрпақ үшін баға жетпес қазына екені көрініс табады.

2. Көшпелі өмір салтына қатысты коннотациялар

Бұл категорияға жататын сөз тіркестері көшпелі халықтың өмір салтына тән ырғақты, ерекшелікті бейнелейді.

Мысалы: «*Көч үстүндө эки туугандын таарынычы, эки уруктун кастыгы мындай таишталат*» («Көш үстінде екі туыстың ренішін, екі рудың араздығын осылай тастайды») (Касымбек, 1998). Мұндағы «*мындай таишталат*» (осылай тастайды) тіркесі – көшпелі халықтың көш уақытындағы достық қарым-қатынастарының бекемделуін, олардың кеңпейілдігін, кешірімділігі мен гуманизмін айқын көрсететін лексикалық бірлік.

«*Миң-Бугу жайлай турган болдук, Талас аркылуу мал ашырып сатабыз*» («Миң-Бұғуды жайлайтын болдық, Талас арқылы мал асырып сатып аламыз») (Касымбек, 1998). Бұл мысалда «*жайлай турган болдук*» (жайлайтын болдық) тіркесі жазда жайлауға көшіп, мал бағу дәстүрін білдірсе, «*мал ашырып сатабыз*» (мал асырып сатып аламыз) фразасы көшпелілердің сауда-саттықты меңгеріп, жайлау өмірін соған бейімдегенін аңғартады.

3. Табиғат пен өңірге қатысты коннотациялар (топонимдер)

Романда қолданылған топонимдер тек жер атаулары ғана емес, сол өңірге қатысты тарихи және мәдени құндылықтарды да қамтиды.

Мысалы: «*Бұл отурган эл сени жалгыз аттандырбайт. Бүт Аксы, бүт Талас, Чаткал азыр сенин колуңда*» («Бұл отырған ел сені жалғыз аттандырмайды. Бүкіл Ақсы, бүкіл Талас, Шатқал қазір сенің қолыңда») (Касымбек, 1998). Мұндағы «*жалгыз аттандырбоо*» (жалғыз аттандырмау) – серіктестік пен бірлікті білдірсе, «*бүт Аксы, бүт Талас, Чаткал*» (бүкіл Ақсы, бүкіл Талас, Шатқал) – аймақтық тілектестік пен көшбасшылықтың күшін символдайды. Ал «*сенин колуңда*» (сенің қолыңда) тіркесі биліктің жауапкершілігі мен сенімнің маңызын айқындайды. Жалпы бұл үзінді халық пен көсемнің арасындағы сенім мен ынтымақты көрсетеді.

«*Сары журт. Күлү көгөрүп жаткан жер кемеге*» (Сары жұрт. Күлі көгеріп жатқан елсіз мекен) (Касымбек, 1998). Мұндағы «*сары журт*» (сары жұрт) тіркесінің коннотациялық мағынасы – күз мезгіліне таяған табиғатты, елдің көшіп кеткен уақытын аңғартады. Бұл тіркестен кейін «*күлү көгөргөн жер кемеге*» (күлі көгерген елсіз мекен) деген сөздер арқылы иесіз қалған, қаңырап бос жатқан жұрт суреттеледі.

«*Бек ага, баары кудай буйруган ырыскысын жеп эндекей жүрүшөт, биздин салынар килемибиз, жазданар куш мамыгыбыз ушул көйкөлгөн гүлдүү шибер*» (Бек аға, бәрі Құдай бұйыртқан ырыздығын жеп, еркін жүріп жатыр, біз үшін жайылатын кілеміміз, жастанар құс мамығымыз – осы жайқалған гүлді шалғын) (Касымбек, 1998). Бұл мысалдағы «*эндекей жүрүү*» (еркін жүру) – еркіндік пен жауынгерлік рухты білдірсе, «*салынар килем*», «*куш мамык*», «*гүлдүү шибер*» (жайылатын кіле), құс мамығы, гүлді шалғын) тіркестері арқылы көшпелі қырғыз халқының табиғатпен ажырамас байланысы бейнеленген.

4. Салт-дәстүр, ғұрып және халықтың өмір салтына қатысты коннотациялар

Ас беру, той, аңшылық, сәйгүлікті баптау, құсбегілік сияқты элементтер қоғамның әлеуметтік байланыстарын және рухани дүниесін бейнелейді.

«*Нүзүп атын баладай багып, қымқаптап жабуу жаап, көкүлүнө көзмончок тагып, айыл арасында жаркылдатып алып жүрдү*» (Нүзүп атын баладай бағып, қымқаптап жабу жауып, төбесіне көзмоншақ тағып, ауыл арасында жарқылдатып алып жүрді) (Касымбек, 1998). Бұл сөйлемде қырғыз халқының малға деген ерекше қарым-қатынасы «*баладай багып*» (баладай бағып) деген тіркес арқылы көрініс табады.

«*Қымқаптап жабуу жаап*» (Қымқаптап жабу жауып) тіркесі – дәстүрлі түсінік бойынша, қымқап тек мықты тұлпарларға жабылады, демек, Нүзүп те атына ұлттық салтқа сай құрметпен қараған.

«*Көкүлүнө көз мончок тагуу*» (көкүліне көзмоншақ тағу) – қырғыз мәдениетінде жамандықтан және көз тиюден сақтаудың бір жолы. Бұл жерде Нүзүп та ұлттық дәстүрді жалғастырып, тұлпарын жамандықтан қорғағаны байқалады.

«*Жаркылдатып алып жүрдү*» (жарқылдатып алып жүру) тіркесі Нүзүптің малмен

тығыз байланыста болғанын, оны терең құрметтегенін, халықтың дәстүрлі өмір салтын ұстанғанын аңғартады.

Автор қырғыз халқының мәдениетін, дәстүрін, ғұрпын, қоғамның рухани және әлеуметтік өмірін мәдени-коннотациялық элементтер арқылы терең сипаттайды.

Мысалы: «*Ашка барсаң ачка бар дешет тоолуктар... Бир эле киши күтүмүнө ыраазы болбой, таарыныч айтып кайта турган болсо, аш ээси эмес, бүт бир уруу журтка сындырык келет*» (Асқа барсаң, аш болып бар, дейді таулықтар... Егер бір адам қонақасыны ұнатпай, реніш білдіріп кетсе, бұл тек ас иесіне емес, бүтін бір рудың абыройына нұқсан келтіреді) (Қасымбек, 1998). Бұл жердегі «*ачка бар*» (аш болып бар) тіркесі – ас берілген жерде арнайы халыққа арналған тағам болады дегенді білдіреді. Ас беру салты адамдар арасындағы байланысты бекемдейтін, құрмет пен ықыласты нығайтатын дәстүр.

«*Тоолуктар*» (таулықтар) деген сөз – көшпенді халықтың тазалығын, дархан көңілін білдіретін коннотация.

«*Сындырык келет*» (нұқсан келеді) тіркесінің мағынасы – қонақты ренжіту тек ас иесінің ғана емес, тұтас рудың абыройына кері әсер етеді. Себебі ас беру – әлеуметтік бірлік пен ұжымдық жауапкершіліктің белгісі. Бұл сөз тіркесі – қырғыз қоғамындағы қонақты құрметтеу идеясы мен үйге келген мейманды лайықты қарсы алу салтының көрінісі.

5. Әлеуметтік қатынастар мен құндылықтарға қатысты коннотациялар

«*Кудаяр не бейиш көрсөттү эле ушул элге?..*» (Құдаяр не жұмақ көрсетті осы халыққа?..) (Қасымбек, 1998). Бұл мысалда «*бейиш көрсөттү*» (жұмақ көрсету) тіркесі ирониялық мағынада қолданылып отыр – яғни, билеушінің халыққа уәде еткен идеалдарын орындай алмағаны сынға алынуда. Негізінде «*бейиш*» (жұмақ) – халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы, әділетті билік, гүлдену дегенді білдіреді. Алайда контекстте бұл тіркес коннотациялық тәсіл арқылы халықтың билікке деген наразылығын білдіреді. Қоғамдық әділеттілік, сенім мен жауапкершілік сияқты құндылықтардың жоғалғаны сыналады.

«*Қыпчактар бүтүн кызыл кийинип келишти майданга. Кызыл кийинүү - толгондуктун белгиси*» (Қыпшақтар түгел қызыл киініп келді майданға. Қызыл киіну – толысудың белгісі) (Қасымбек, 1998). Мұндағы «*майдан*» (майдан) сөзі соғыс не қақтығыс контекстінде қолданылып, әлеуметтік қарым-қатынастағы күрес пен қарсы тұру аспектілерін қамтиды. Майдан – халықтың еркіндігі мен бірлігі үшін күрестің символы ретінде көрініс табады.

«*Қызыл кийинип келүү*» (қызыл киініп келу) тіркесінде қызыл түс – күш-қуаттың, батырлықтың, ел намысын қорғау идеясының белгісі. Бұл тіркес жауға қарсы дайындықты, жауынгерлік рухты және құрбандықты білдіреді. «*Толгондуктун белгиси*» (толысудың белгісі) деген тіркес арқылы халықтың күреске, қиын сынақтарға толық дайын екендігі, шешімділігі мен берік рухы ерекше көрсетіледі.

«*О, жаратқан, кантип жан сакташат бу жапайылар?!*» (О, жаратқан, қалай жан сақтайды бұл жабайылар?!)) (Қасымбек, 1998). Бұл жерде «*жапайылар*» (жабайылар) сөзі орыс төрелерінің мәдени, әлеуметтік жағынан артта қалған деп санаған көшпенділерге деген кемсітушілік көзқарасын білдіреді. Мұнда әлеуметтік теңсіздік пен халықтар арасындағы қарама-қайшылық бейнеленеді.

6. Ата мекенге қызмет ету, отансүйгіштік және ар-намысқа қатысты коннотациялар

Қырғыз халқы – ұлттық құндылықтарын халық ауыз әдебиеті арқылы сақтап, оны атадан балаға аманаттап жеткізген дана халық. Ар-намыс пен Ата Жұртын қорғап, ат жалында жүрген ер азаматтарды тәрбиелеген ел.

Осыны «*Эрдин кегі - эл намысы... Атасын өлтүргөндү «ата» деп, запкыдан жүрөгү өлүп, көргөн ит күнүнө көнүп, ата тегин унутуп, жумшаса кулу, минсе малы болуп жүрө береби?*» (Ердің кегі – ел намысы... Әкесін өлтіргенді “әке” деп, қорлықтан жүрегі өліп, көрген ит тіршілігіне көндігуді, ата тегін ұмытып, жұмсаса құлы, мінсе малы болып жүре

бере ме?!)) (Касымбек, 1998) деген сөйлемдегі бірнеше коннотацияланған сөз тіркестері арқылы талдап көрейік.

«*Эрдин кегі – эл намысы*» (ердің кегі – ел намысы) тіркесі – Курманжан датканың моральдық ұстанымы арқылы карағанда, ер азаматтың кегі – жеке өш алу ғана емес, тұтас халықтың ар-намысы мен әділеттігі. Ал «*запкыдан жүрөгү өлүп...*» (қорлықтан жүрегі өліп...) тіркесі адамның моральдық күшінің жойылуын, қорлық пен азаптан сезімсіз күйге түскенін білдіреді. Жүректің өлуі – физикалық емес, рухани өлім. Бұл арқылы ар-намысты сақтау адамның адамдық қасиетінің негізі екені көрсетіледі, өйткені намысы жойылған адам – өз тағдыры мен қоғамның құлына айналады.

«*Ит күнүнө көнүү*» (ит тіршілігіне көндігу) – ауыр халді, қайғы-мұңды, рухани әлсіздікті білдіретін коннотацияланған тіркес. «*ата тегин унутуу*» (ата тегін ұмыту) – адамның өз тамыры мен мұрасынан айрылуы. Ал «*жумшаса кулу, минсе малы*» (жұмсаса құлы, мінсе малы) тіркесі – еркіндік пен дербестіктің, ар-намыстың жоғалуын білдіретін сөз бірлігі.

«*Эл деп, журт деп күйүктүк го, өзү күбө Көкө Теңир*» (Ел деп, жұрт деп күйдік қой, өзі куә Көк Тәңір) (Касымбек, 1998). Бұл сөйлемдегі «*журт деп күйүктүк*» (жұрт деп күйдік) тіркесі – Бекназардың өз Отаны үшін жанын аямай, оның болашағы үшін күрескенін айқындайды. Мұнда отанды жай ғана жақсы көру емес, оны қорғау үшін нақты іс-әрекетпен дәлелдеу қажет деген ой жатыр. Отансүйгіштік – эмоциялық әрі терең сезім ретінде берілген.

7. Туыстық және құрмет көрсетуге қатысты коннотациялар

Қырғыз қоғамында туыстық қатынастар маңызды орын алады.

«*Куру кол келе албай... - деп Сарыбай саймалуу жан бапшытын аңтарып, ичинен аң терисин алып, - учурашканым болсун*», (Құр қол келе алмай... – деп, Сарыбай өрнекті жан қоржынын ақтарып, ішінен аң терісін алып, – амандасуым болсын, – Теңірберді аға деп, қарияның алдына тастады) (Касымбек, 1998). Бұл мысалдағы «*куру кол келе албай*» (құр қол келе алмай) тіркесі қырғыз халқындағы туыстық қатынастардың ерекшелігін көрсетеді. Қырғыз мәдениетінде туыстар мен жақын адамдарға сый-құрмет білдіру үшін сыйлық беру – терең мағыналы дәстүр. Бұл сөз тіркесі туыстық байланыстың тек материалдық емес, сонымен қатар моральдық тұрғыдан да мызғымас екенін білдіреді.

Ал «*жан бапшытын аңтарып*» (жан қоржынды ақтарып) тіркесі арқылы берілген сыйлық жалғыз аң терісі болса да, оның алдында бұл қоржыннан бірнеше рет сый тарту берілгені аңғарылады. Мұны «*аңтарып*» (ақтарып) деген сөздің коннотациясы дәл көрсетеді. «*Учурашканым болсун*» (Амандасуым болсын) тіркесі Сарыбайдың сыйлықты символикалық мәнде ұсынып отырғанын аңғартады.

Аңшылық – қырғыз халқының өмірінің ажырамас бөлігі, ата-бабадан қалған салт әрі тұрмыс қажеттілігі. Сарыбайдың Теңірбердіге келуі – астарлы түрде қыстың қамын жасап, көмек сұрап келгенін білдіреді.

Мысалы: «*-А бүркүтүмдүн тырмак акысы кандай болор экен, Теңирберди аке?-деп сурайт Сарыбай. Теңирберди ага «-Теңшерик» деп жооп берет*» (– Ал, бүркітімнің тырнақ ақысы қалай болар екен, Теңірберді аға? – деп сұрайды Сарыбай. Теңірберді аға: – Теңшерігіміз болсын, – деп жауап береді) (Касымбек, 1998). Бұл диалогта «*бүркүтүмдүн тырмак акысы*» (бүркітімнің тырнақ ақысы) – әзілмен айтылған сөз тіркесі. Бүркіт Теңірбердінің егін алқабын күзетпесе де, Сарыбай бұл уақытта құс салмай, бос жүргендіктен, бір жағынан туыс ретінде сәлем беріп, екінші жағынан қыс қамын жасап, сый-сыяпатпен келгенін аңғарамыз. Ал «*теңшерик*» (теңшерігіміз болсын) деген әзіл-қалжыңға құрылған жауап – Теңірбердінің де құр қол қайтармайтынын аңғартатын коннотацияланған сөз тіркесі.

Қорытынды

Т. Қасымбековтың «Сынған қылыш» (Сынған қылыш) романындағы коннотацияланған

лексика қырғыз халқының құндылықтарын, рухани дүниесін және әлеуметтік түсініктерін терең сипаттайды. Позитивті мағынадағы сөздер – халықтың жауынгерлік қасиеттерін, батылдығын және ар-намысын бейнелесе, негативті коннотациядағы сөздер – қоғамдағы жағымсыз құбылыстарды, моральдық қателіктерді және халықтың бірлігіне қауіп төндіретін факторларды көрсетеді. Демек, романда қолданылған фразеологиялық бірліктер арқылы қырғыз халқының менталитеті, рухани құндылықтары мен әлеуметтік нормалары терең ашылып көрсетілген.

В.Н. Телия коннотацияны сөздердің негізгі мағынасына қосымша берілетін эмоциялық, әлеуметтік және мәдени реңктер ретінде сипаттайды (Телия, 1996). Романда келтірілген және талдауға алынған бірқатар лексикалық коннотациялар ұлттық бірегейлікті бейнелеп, сөздердің контекстегі қосымша мағыналары арқылы қырғыз халқының мәдени тарихын танытады.

Коннотацияланған лексика мен стилистикалық құралдардың үйлесімі – қырғыз халқының мәдени ерекшеліктерін жеткізуге, оқырманға ұлттық рухты сезіндіруге және оның өміршеңдігін түсінуге септігін типізеді.

Бұл зерттеу қырғыз тілінің байлығын және бірегейлігін насихаттауда лексикалық коннотациялардың маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Мақаланың практикалық мәнін төмендегі аспектілер арқылы айқындауға болады.

Осы мақаланы оқу арқылы оқырман қырғыз тіліндегі көне және символикалық мағынадағы сөздерді танып-біліп, оларды өз өмірінде қолдануға дағдыланады. Әсіресе, халықтық идеалдарды, түсініктерді бейнелейтін коннотациялық элементтер жас ұрпақтың тарихи санасын, отаншылдық рухын қалыптастыруға көмектеседі. Бұл қырғыз халқының ұлттық бірегейлігін сақтауға және нығайтуға өз үлесін қосады.

Зерттеу барысында лексикалық коннотацияларды талдау арқылы қырғыз тілінің көп мағыналылығы, көркемдік әлеуеті және философиялық мазмұны тереңірек ашылады. Бұл тілге деген қызығушылықты арттырып, оның күнделікті өмірдегі және рухани мәдениеттегі маңызын терең түсінуге мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулерде бұл мақалада көрсетілген коннотациялық ерекшеліктерді қолдануға болады.

Бұл зерттеу қырғыз тілі мен әдебиеті пәндерінде оқу құралы ретінде пайдалануға жарамды. Лексикалық коннотацияларды талдау арқылы студенттер, оқушылар, мүлдем жалпы оқырмандар тек тілдің байлығын ғана емес, қырғыз мәдениетінің көпқырлылығын да меңгереді. Зерттеу лингвистерге, мәдениеттанушыларға және әдебиеттанушыларға практикалық дереккөз бола алады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- Головин, Б.Н. (1988). *Основы культуры речи*. Москва. Высшая школа.
- Карасаев, Х. (1996). *Камус-наама: араб, иран, қытай, монгол, орус тилдеринен оошуп келген сөздөр жана көндүрүлгөн сөздөр*. Бишкек, Шам.
- Касымбек, Т. (1998). *Сынган кылыш*. Бишкек, Кыргызстан.
- Кобрина, Н.А. (2000). Язык как когнитивно-креативная деятельность человека. *Studia Linguistica*. № 9. С. 23–29.
- Кыргыз тилинин сөздүгү. Биринчи бөлүк. (2011). Бишкек, Avrasya Press.
- Кыргыз тилинин sөздүгү. Экинчи бөлүк. (2011). Бишкек, Avrasya Press.
- Маразыков, Т.С. (2020). *Көркөм текст: иликтөө жана окутуу маселелери*. Бишкек.
- Ромашина, О.Р. (2010). *Коннотации в художественной речи*. Москва, Либроком.
- Телия, В.Н. (1996). *Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты*. Москва, Языки русской культуры.
- Шаховский, В.И. (2010). *Эмоции: долингвистика, лингвистика, лингвокультурология*.

Москва, Либроком.

Orazaliyeva, K. (2021). Multilingual content in teaching the Kazakh language courses. *Athens Journal of Philology*, 8(4), 287–301. <https://www.athensjournals.gr/philology/2021-8-4-2-Orazaliyeva.pdf>

Smagulova, J., & Zhetpisbayeva, B. (2023). Reimagining Kazakhstani CLIL implementation as a third space. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 26(3), 321–338. <https://doi.org/10.1080/13670050.2021.2002531>

Yermekova, Z., Baigazina, S., & Dauletova, R. (2023). Language instruction in Kazakhstan's higher education: A critical examination. *Educational Research and Reviews*, 18(3), 120–130. <https://erjournal.org/article/language-instruction-kazakhstan>

References

Golovin, B.N. (1988). *Osnovy kultury rechi* [Fundamentals of Speech Culture]. Moskva, Vysshaya shkola. (In Russian).

Karasaev, Kh. (1996). *Kamus naama: Arab, iran, kytai, mongol, orus tilderinen ooshup kelgen sozdor jana koonorgon sozdor*. Bishkek, Sham. (In Kyrgyz).

Kasymbek, T. (1998). *Syngan kylych* [The Broken Sword]. Bishkek, Kyrgyzstan. (In Kyrgyz).

Kobrina, N. A. (2000). Yazyk kak kognitivno-kreativnaya deyatel'nost' cheloveka [Language as a Cognitive and Creative Activity of a Person]. *Studia Linguistica*, № 9, pp. 23–29. (In Russian).

Kyrgyz tilinin sozdugu. Birinchi boluk [Dictionary of the Kyrgyz language. Part One]. (2011). Bishkek, Avrasya Press. (In Kyrgyz).

Kyrgyz tilinin sozdugu. Ekinchi boluk [Dictionary of the Kyrgyz language. Part two]. (2011). Bishkek, Avrasya Press. (In Kyrgyz).

Marazykov, T.S. (2020). *Korkom tekst: iliktoo jana okutu maseleri* [Artistic Text: Issues of Research and Teaching]. Bishkek. (In Kyrgyz).

Romashina, O.R. (2010). *Konnotatsii v khudozhestvennoi rechi* [Connotations in Artistic Speech]. Moskva, Librokom. (In Russian).

Teliya, V.N. (1996). *Russkaya frazeologiya: semanticheskii, pragmaticheskii i lingvokulturologicheskii aspekty* [Russian Phraseology]. Moskva, Yazyki russkoi kultury (In Russian).

Shakhovskiy, V.I. (2010). *Emotsii: dolingvistika, lingvistika, lingvokulturologiya* [Emotions: pre-linguistics, linguistics, linguoculturology]. Moskva, Librokom. (In Russian).

Duisenbayeva, M. (2022). Challenges and recommendations for teaching and learning Kazakh as a second language. *International Journal of Society, Culture & Language*, 10(1), 103–112. Retrieved from http://www.ijscsl.net/article_245292.html

Naraliyeva, A. (2015). Modern methods of teaching Kazakh as a foreign language. *International Journal of Humanities and Education*, 1(2), 54–61. Retrieved from <https://www.researchgate.net/publication/280112394>

Orazaliyeva, K. (2021). Multilingual content in teaching the Kazakh language courses. *Athens Journal of Philology*, 8(4), 287–301. Retrieved from <https://www.athensjournals.gr/philology/2021-8-4-2-Orazaliyeva.pdf>

Smagulova, J., & Zhetpisbayeva, B. (2023). Reimagining Kazakhstani CLIL implementation as a third space. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 26(3), 321–338. <https://doi.org/10.1080/13670050.2021.2002531>

Yermekova, Z., Baigazina, S., & Dauletova, R. (2023). Language instruction in Kazakhstan's higher education: A critical examination. *Educational Research and Reviews*, 18(3), 120–130. Retrieved from <https://erjournal.org/article/language-instruction-kazakhstan>

Nadyrbayeva Kutbu Ozubekovna

Central Asian International Medical University, Jalalabad, Kyrgyzstan

Lexical Connotations Reflekting National Color In T. Kasymbekov's Novel «The Broken Sword»

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the features of conveying national color through lexical connotations in Tölögön Kasymbekov's novel "The Broken Sword". Lexical connotation is a linguistic phenomenon that adds emotional, cultural, social, or historical shades of meaning to the basic (denotative) meaning of a word. The aim of the study is to reveal the inner world of the characters, the historical consciousness of the people, their spiritual values, and social norms through the linguistically symbolic and culturally loaded expressions found in the novel.

Lexical connotations in the novel are classified into seven main categories: history and mythology, nomadic lifestyle, natural and regional names (toponyms), traditions and customs, social values, patriotism, and kinship relations. Each category is analyzed in depth with examples from the novel, and the emotional, social, and cultural meanings of the linguistic units are explained. Idiomatic expressions such as «Let's finish it from the horse's mane», «We burned for the people», «The important paper», «Let it be a blessing», and «Secret chest» are shown to reflect the Kyrgyz people's national worldview, social relationship system, and spiritual values in an artistic manner.

The scientific significance of the study lies in demonstrating the Kyrgyz language's artistic and expressive potential and in revealing the function of connotation in conveying national culture through linguistic methods. The practical significance of the article is to contribute to the strengthening of national identity, the preservation of linguistic heritage, and the transmission of cultural values to future generations. Moreover, this research can serve as a valuable source for the teaching of the Kyrgyz language, for the interpretation of literary works, and for studies exploring the relationship between language and culture. The novel is regarded as an artistic and linguo-cultural resource that reflects the spiritual world, historical memory, and cultural characteristics of the Kyrgyz people.

Keywords: lexical connotation, national color, traditions and customs, spiritual world, cultural heritage, identity, linguo-cultural source

Надырбаева Кутбу Озубековна

*Центрально-Азиатский международный медицинский университет,
Жалал-Абад, Кыргызстан*

Лексические коннотации, отражающие национальный колорит в романе Т.Касымбекова «Сломанный меч»

Аннотация. В данной статье всесторонне исследуются особенности передачи национального колорита через лексические коннотации в романе Төлөгөна Касымбекова «Сынган кылыш» («Сломанный меч»). Лексическая коннотация – это языковое явление, придающее слову дополнительный эмоциональный, культурный, социальный или исторический оттенок помимо его основного (денотативного) значения.

Цель исследования – раскрыть внутренний мир персонажей, историческое сознание народа, духовные ценности и социальные нормы через символически и культурно нагруженные языковые единицы, встречающиеся в романе.

В статье лексические коннотации классифицированы по семи основным направлениям: история и мифология, кочевой образ жизни, природные и региональные

названия (топонимы), обычаи и традиции, социальные ценности, патриотизм, родственные отношения. По каждому направлению проведён глубокий анализ примеров из романа с разъяснением их эмоционального, социального и культурного значения. Фразеологизмы и устойчивые выражения, такие как «ат жалынан біткерелік» (вместе пройти трудности), «жұрт деп күйіктік» (горели за народ), «бекайбат қағаз» (важный документ), «ырым болсын» (на счастье), «сыр сандық» (хранилище тайн), рассматриваются как художественные способы отражения национального мировоззрения, системы социальных отношений и духовных ценностей кыргызского народа.

Научная значимость исследования заключается в раскрытии выразительных и изобразительных возможностей кыргызского языка с помощью лингвистических методов, а также в доказательстве роли коннотации в представлении национальной культуры.

Практическая значимость статьи состоит в том, что она способствует укреплению национальной идентичности кыргызского народа, сохранению и передаче языкового наследия будущим поколениям. Кроме того, исследование может служить ценным источником при преподавании кыргызского языка, при интерпретации литературных произведений, а также в изучении взаимосвязи языка и культуры.

Роман рассматривается как художественная и лингвокультурная ценность, отражающая духовный мир, историческую память и культурные особенности кыргызского народа.

Ключевые слова: лексическая коннотация, национальный колорит, обычаи и традиции, духовный мир, культурное наследие, идентичность, лингвокультурный источник

Автор туралы мәлімет:

Надырбаева Кутбү Озубековна – аға оқытушы, Орталық азиялық халықаралық медициналық университеті, Жалал-Абад қ., Қырғызстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-9664-7718>

Information about author:

Nadyrbayeva Kutbu Ozubekovna – Senior Lecturer, Central Asian International Medical University, Jalalabad, Kyrgyzstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-9664-7718>

Сведения об авторе:

Надирбаева Кутбү Озубековна – старший преподаватель, Центрально-Азиатский международный медицинский университет, Жалал-Абад, Кыргызстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-9664-7718>

